

Қазақстан Республикасының Ұлттық заң агенттігі туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің Қаулысы 1998 жылғы 21 қаңтардағы N 26

Мемлекеттің мүдделері мен ұлттық қауіпсіздікті тиімді құқықтық қорғауды қамтамасыз ету, сондай-ақ орталық атқарушы органдарға құқықтық мәселелер бойынша консультациялық қызметтер көрсету практикасын ретке келтіру мақсатында Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы етеді:

1. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің Ұлттық заң агенттігі жарғылық капиталына мемлекеттің 100% қатысуымен "Қазақстан Республикасының Ұлттық заң агенттігі" жабық үлгідегі акционерлік қоғамы болып қайта құрылсын.

2. <*>

Ескерту. 2-тармақ алынып тасталды - ҚР Үкіметінің 2001.02.28. N 302 қаулысымен. P010302_

3. Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің Мемлекеттік мүлік және жекешелендіру департаменті заңда белгіленген тәртіппен:

Қазақстан Республикасының Әділет министрлігі Ұлттық заң агенттігінің балансындағы мүлікті мемлекеттің жарғысы ретінде "Қазақстан Республикасының Ұлттық заң агенттігі" акционерлік қоғамының жарғылық қорына берсін;

Қазақстан Республикасының Әділет министрлігімен бірлесіп бір айлық мерзім ішінде қажетті қайта ұйымдастыру рәсімдерін жүргізсін;

он күндік мерзім ішінде "Қазақстан Республикасының Ұлттық заң агенттігі" акционерлік қоғамының жарғысын бекітсін;

Қазақстан Республикасының Әділет министрлігіне "Қазақстан Республикасының Ұлттық заң агенттігі" акционерлік қоғамының акцияларының мемлекеттік пакетіне иелік ету, пайдалану және басқару жөнінде өкілеттік берсін.

4. Мыналардың:

"Ұлттық заң агенттігін құру туралы" Қазақстан Республикасы Министрлер Кабинетінің 1994 жылғы 12 қаңтардағы N 60 қаулысының (Қазақстан Республикасының ПҰАЖ-ы, 1994 ж., N 4, 36-күжат);

"Қазақстан Республикасының Әділет министрлігі жанындағы Ұлттық заң агенттігі туралы ережені бекіту жөнінде" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1996 жылғы 2 сәуірдегі N 379 қаулысының (Қазақстан Республикасының ПҰАЖ-ы, 1996 ж., N 14, 110-күжат)";

"Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Бюджеттік ұйымдарға (мекемелерге) құқықтық мәселелер бойынша консультациялық қызмет көрсету үшін жеке және заңды тұлғаларды тарту тәртібі туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1997 жылғы 4

маусымдағы N 923 қаулысының (Қазақстан Республикасының ПҮАЖ-ы, 1997 ж., N 24, 214-құжат) күші жойылған деп танылсын.

Қазақстан Республикасының
Премьер-Министрі

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК